

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы Сауда-экономикалық және техникалық ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 22 мамырдағы N 469

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1997 жылғы 10 қыркүйекте Алматы қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы Сауда-экономикалық және техникалық ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылданған шешім туралы Түркия тарапын хабардар етсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы Сауда-экономикалық және техникалық ынтымақтастық туралы
КЕЛІСІМ**

(2000 жылғы 22 мамырда күшіне енді - СІМ-нің ресми сайты)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі (бұдан әрі "Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын)

- Қазақстан Республикасының саяси және экономикалық жүйесінде болып өткен түпкілікті өзгерістерді және Қазақстанның дүниежүзілік экономикалық қоғамдастыққа кіру ниетін назарға ала отырып;

- теңдестірілген негізде және өзара пайда мен елдер арасындағы достық әрі бауырластық қарым-қатынастар негізінде дамып келе жатқан сауда-экономикалық және техникалық ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға сенім білдіре отырып;

- халықаралық құқықтың нормалары мен принциптеріне сәйкес сауда, экономикалық және техникалық ынтымақтастықты дамытуға және осы ынтымақтастықтың тұрақтылық, теңдік әрі ұзақ мерзімдік сапасына ие болуға ұмтыла отырып,

төмендегілер жөнінде уағдаласты:

I Бап

Уағдаласушы Тараптар кедендік экспорт-импорт салықтарына және барлық мүмкін баждар мен алымдарға қатысты бір-біріне мейлінше қолайлы елдің принципін қолданатын болады.

Осы пара ережелерінің:

1. Көршілес елдерге шекараға және жағалауға жақын жерлерде сауданы жеңілдету үшін жасалған преференцияларға;
2. Уағдаласушы Тараптар кедендік одаққа немесе еркін экономика аймағын құруға қатысы бар шарттарға қатысушылар болып табылатын немесе болатын шарттардан туындайтын преференцияларға;
3. Уағдаласушы Тараптардың Сауда және кедендік тарифтер туралы жалпы шартқа (ГААТ) немесе басқа да халықаралық шарттарға сәйкес қайсы бір дамушы елге жасаған немесе жасайтын преференцияларға күші жүрмейді.

II Бап

Уағдаласушы Тараптар өздеріне бар мүмкіндіктер мен ұлттық заңдар шеңберінде олардың экономикалық потенциалдарымен қамтамасыз етілетін артықшылықтарды пайдалана отырып, сауда, экономика және техника салаларын қамтитын ұзақ мерзімді және тұрақты ынтымақтастық дамыту үшін барлық мүмкін күш-жігерлерді жұмылдырады.

III Бап

Уағдаласушы Тараптар халықаралық саудада қолданылатын принциптер және ережелер шеңберінде ұзақ мерзімді және теңестірілген сауданың көлемін ұлғайту, тарату және алуан түрлілігін қамтамасыз ету жөнінде қажетті шараларды қабылдайды.

IV Бап

Уағдаласушы Тараптар екі ел арасындағы сауда-экономикалық қызметті дамытуда банк секторының маңызын атай отырып, банктердің қазіргі заманғы халықаралық банк стандарттарына қол жеткізуді қамтамасыз етуге бағытталған ынтымақтастығын қолдайтын болады.

V Бап

Уағдаласушы Тараптар өзаралық сауданы дамыту мақсатымен сауда-экономикалық ақпаратпен алмасу үшін қолайлы жағдайларды жасау, жұмыс байланыстарын және сауда делегацияларымен алмасуды қолдау, сондай-ақ олардың елдерінде

ұйымдастырылатын халықаралық көрмелерге, жәрмеңкелерге және басқа да сауда-танысу іс-шараларына ұйымдар мен фирмалардың қатысуы жөнінде қажетті шаралар қабылдайтын болады.

VI Бап

Уағдаласушы Тараптар ұлттық заңдарға сәйкес олардың елдеріне коммерциялық емес мақсаттарда көрмелерде көрсету үшін әкелінген экспонаттар мен тауарларды кедендік салықтардан, алымдардан және баждардан босату жөнінде қажетті шараларды қабылдайды.

VII Бап

Уағдаласушы Тараптар сауданың халықаралық нормалары мен ережелеріне сәйкес осы Келісімнің және екі елдің қолданыстағы заңдарының шеңберінде екі елдің фирмалары мен ұйымдарының арасында қол қойылған келісімдерге сай тауарлардың, қызметтердің және бірлескен қызметтің басталған қозғалысын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

VIII Бап

Осы Келісімнің қолданысы кезінде қол қойылған сауда келісімдеріне, бірақ олар бойынша осы кезеңнің ішінде міндеттемелер орындалмаған, осы Келісімнің ережелері қ о л д а н ы л а д ы .

Осы Келісімге сәйкес сауда қатынастарында тұрған қазақстандық және түрік фирмаларының арасында туындауы мүмкін пікір алшақтықтары тараптардың арасында жасалған шарттардың, сондай-ақ халықаралық ұйымдар анықтаған халықаралық нормалар мен ережелердің шеңберінде шешілетін болады.

IX Бап

Уағдаласушы Тараптар қолданыстағы заңдардың шеңберінде Уағдаласушы Тараптардың бірінің елінен екінші Уағдаласушы Тараптың еліне немесе үшінші бір елдерге жөнелтілетін тауарлардың автомобильдік, теміржол, теңіз және әуе жолдарымен не болмаса үшінші елде оларды тасымалдау кезінде жөнелтілген жүктің өтуіне көмек көрсететін болады.

X Бап

Экономика және сауда қатынастарымен байланысты төлемдер, егер басқа бір тәртіп көзделмеген болса, әр елдің халықаралық рынокта қабылданған нормаларға сәйкес қолданыстағы заңдарының шеңберінде және еркін өтімді валютада жүргізіледі.

XI Бап

Уағдаласушы Тараптар инвестициялар мен технологиялар саласында өз елдеріне және үшінші елдердің рыноктарында бірлескен кәсіпорындар құру жолымен елдер арасындағы ынтымақтастықты қолдайтын болады.

XII Бап

Уағдаласушы Тараптар олардың елдеріндегі мұнай, табиғи газ ресурстарын және энергияның басқа да көздерін дамыту, олардың өндірісі, тасымалдау, маркетинг саласындағы ынтымақтастықты нығайту жөнінде және әрбір елдің ішінде немесе үшінші елдерде бар әрі болуы мүмкін жобаларға бірлескен кәсіпорындарды құру жолымен қатысу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайтын болады, осы мақсаттарда мүдделі ұйымдар мен кәсіпорындарға қолдау көрсетеді.

XIII Бап

Уағдаласушы Тараптар өзара экономикалық қатынастарда құрылыс-мердігерлік сектордың алып отырған маңызды рөлін ескере отырып, осы саладағы жүргізіп отырған ынтымақтастыққа барлық мүмкін қолдауды қамтамасыз ететін болады және осы мақсаттарда мүдделі ұйымдар мен кәсіпорындарға қолайлы жағдай жасайды.

XIV Бап

Уағдаласушы Тараптар қалғандарымен бірге келесі салаларда ынтымақтастықтың мүмкін аудандарын белгіледі:

- ауыл шаруашылығы мен тамақ өнеркәсібі;
 - тамақ өнеркәсібі үшін машиналар мен механизмдердің өндірісі;
 - машина инженериясы мен металдарды өңдеу;
 - ақпараттық жүйелер мен коммуникациялар;
 - көлік;
 - туризм;
 - тау-кен өнеркәсібі; (әсіресе алтын өндірісі)
 - кеме жасау;
- темір жол үшін жабдық өндірісі.

XV Бап

Уағдаласушы Тараптар екі елдің стандарттау мекемелерінің арасындағы ынтымақтастықты дамыту мақсатымен мүдделі ұйымдарды қолдайтын болады.

XVI Бап

Уағдаласушы Тараптар оқыту-үйрету, техникалық ынтымақтастық, метеорология саласында елдер арасындағы мамандармен алмасудың мүмкіндіктерін қамтамасыз ету жөнінде күш-жігерлерін жұмылдырады.

XVII Бап

Уағдаласушы Тараптар алдындағы қатарлы технологиялық мүмкіндіктерді қолдану жолымен елдер арасында радио және телехабарларды тарату және коммуникациялар желісін дамытуға қолдау көрсететін болады.

XVIII Бап

Уағдаласушы Тараптар сауда, экономика және техникалық ынтымақтастық салаларының осы Келісіммен қамтылған барлық мүмкін басқаларын да екі жақты қарым-қатынастардың ең жоғары деңгейінде дамыту жөнінде қажетті шараларды қабылдайтын болады.

XIX Бап

Осы Шарт Уағдаласушы Тараптардың қолданыстағы екі жақты немесе көп жақты халықаралық шарттардан туындайтын олардың құқықтары мен міндеттеріне әсерін тигізбейді.

XX Бап

Уағдаласушы Тараптар Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасы Үкіметінің арасындағы Бірлескен экономикалық комиссияны құру туралы хаттаманың 1-бабына сәйкес Қазақстан-Түрік Бірлескен Үкіметаралық Экономикалық Комиссияның осы Шарттың орындалу барысын бақылауға, оны орындау барысында туындауы мүмкін проблемаларды қарауға және екі жақты сауда, экономикалық және техникалық ынтымақтастықты одан да нығайта түсуге өкілетті екенін қуаттады.

XXI Бап

Осы Шарттың шеңберінде ынтымақтастықты жүзеге асыру барысында, қажет болған жағдайда, Уағдаласушы Тараптар өзаралық уағдаластықтың негізінде өзгерістер мен толықтырулар енгізе алады. Енгізілген өзгерістер және олар қолданысқа енген күннен бұрынырақ осы Шарттың қолданысының аяқталуы осы Шарттан туындайтын құқықтар мен міндеттерге әсерін тигізбейді.

XXII Бап

Осы Шарт қажетті ішкі мемлекеттік процедуралардың аяқталғаны туралы дипломатиялық арналар бойынша тараптар хабарлаған күннен бастап күшіне енеді және бес жыл ішінде қолданыста болады.

Егер осы Шарттың қолданылу мерзімінің аяқталуына дейін 6 ай бұрын Уағдаласушы Тараптардың бірі оның қолданысын аяқтайтын ниеті туралы екіншісіне жазбаша хабар бермесе, осы Шарт әрбір ретте бір жылға өздігінен ұзартылады.

Осы Келісім екі дана болып, қазақ, түрік және ағылшын тілдерінде жасалды, әрқайсысының бірдей заң күші бар және Алматы қаласында 1997 жылғы 10 қыркүйекте қ о л қ о й ы л д ы .

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде пікір алшақтықтары туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінді басшылыққа алады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Түркия Республикасының

Үкіметі үшін